«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттары,
«Ауыл» партиясы
фракциясының мүшелеріне

2026 жылғы 14 қазандағы
№ ДС-70 сауалға

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі *(бұдан әрі - Министрлік)* «Ауыл» партиясы фракциясы мүшелерінің «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа Заң жобасы, сондай-ақ кітап қорын толықтыру, оқырмандар үшін мемлекеттік тілдегі заманауи танымдық және классикалық әдебиеттермен қамту тетігін қарастыру, 2027 - 2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасына ауылдық кітапхана инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты жеке бөлім енгізу бойынша ұсыныстарын өз құзыреті шегінде қарап, жауапты қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 5 парақта.

Министр **А. Қырықбаев**

17.11.2026 Копия электронного документа.

Орынд. Н.Когабаева,
тел. 741037

Қосымша 1

«Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа Заң жобасына жергілікті тұрғындардың пікірі мен келісімін ескермей ауылдық кітапханаларды жабуға немесе қайта ұйымдастыруға тыйым салатын норманы қосу:

Министрлік Мемлекет басшысының 2026 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының (*бұдан әрі – Құрылтай*) бірінші сессиясында берген тапсырмасын сапалы орындау мақсатында Заң жобасын оңтайландыру тәсілі арқылы жүзеге асыру үшін салалық мамандар мен орталық мемлекеттік органдар өкілдерін жұмылдыра отырып әзірленген Заң жобасының жұмыс нұсқасын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Абайұлы Бектеновтің келісімімен Құрылтайға енгізді. Осы орайда «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары тарапынан заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленуде және заңнамада белгіленген тәртіппен одан әрі қарауға дайындалуда.

Жергілікті тұрғындардың пікірі мен келісімін ескермей ауылдық кітапханаларды жабуға немесе қайта ұйымдастыруға тыйым салатын норманы қосу мәселесі әзірленіп жатқан Заң жобасының 9-бабы 5-тармағында «*Мемлекеттік жалпыға қолжетімді кітапхананы қайта ұйымдастыруға немесе таратуға оның қорының сақталуы және халыққа одан әрі кітапханалық қызмет көрсетілуі қамтамасыз етілген жағдайда жол беріледі. Мемлекеттік жалпыға қолжетімді кітапхананы қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді құрылтайшы қызмет көрсетудің қолжетімділігін бағалау нәтижелерін және тиісті аумақтың халқына одан әрі кітапханалық қызмет көрсету тәсілі туралы мәліметтерді жариялағаннан, сондай-ақ кемінде күнтізбелік отыз күн ішінде жария талқылау өткізгеннен кейін қабылдайды»* - деп көрсетілді.

Кітап қорын толықтыру мәселесін қайта қарап, оқырмандар үшін мемлекеттік тілдегі заманауи танымдық және классикалық әдебиеттермен қамту механизмін қарастыру:

Кітапхана қорларын заманауи танымдық және классикалық әдебиеттермен толықтыру және жаңарту «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» республикалық бюджеттік бағдарламасының «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып келеді.

Сондай-ақ Алматы қаласы кітапханаларының тәжірибесі негізінде әзірленген Қазақстан Республикасының жалпыға қолжетімді кітапханаларын жаңғырту жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған жол картасының «Кітапхана қорларын толықтыру» атты 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Жасанды интеллектіні дамыту жағдайында оқу мәдениеті мен кітап ісін танымал ету жөніндегі 2027–2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасының жобасында әрбір 1000 тұрғынға шаққанда кітапхана қорларына жыл сайын түсетін құжаттар нормативін белгілеу ұсынылады. Аталған нормативті уәкілетті орган бекітіп, оны кезең-кезеңімен: 2025 жылғы 44 данадан

17.11.2026 Копия электронного документа.

2031 жылға қарай кемінде 124 данаға дейін (2025 жылғы халық саны бойынша жыл сайын қордың шамамен 3,5%-ы) арттыру көзделеді.

Нормативті есептеу үшін 2025–2027 жылдарға арналған жол картасында көзделген кітапхана қорларын толық түгендеу нәтижелері негізге алынады. Норматив жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде ескерілетін болады.

Анықтама ретінде: *Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті «Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығына* ***«Мәдени демалыс ұйымдары (кітапханалар кітап қоймаларымен, дыбыс жазу студиясы, хореографиялық зал, караоке, кинотеатр, театр, музей, креативті хаб, IT орталық, шығармашылық ұйымдар, өнер залы, Coworking орталығы, конференц-зал, акт залы, сондай-ақ халықтың қажеттіліктеріне байланысты басқа да демалыс түрлері 1. Аудандық орталық деңгейіндегі жылжымалы мәдени-демалыс кешен; 2. Тұрақты мәдени-демалыс кешені халық саны 250-1000 адам болған жағдайда 250 адамға 60-70 орын»*** *деген 9-1-тармағын енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде.*

Кітапхана қорларын толықтырудың басым бағыттары қазақ тіліндегі заманауи әдебиеттер, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттер болады.

2027 - 2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасына ауылдық кітапхана инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жеке бөлім енгізу:

Жасанды интеллектіні дамыту жағдайында оқу мәдениеті мен кітап ісін танымал ету жөніндегі 2027–2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырым-дамасының жобасында «Жаңа форматтағы кітапханаларды құру» атты 2-бағыт айқындалған. Оның шеңберінде мынадай басымдықтар белгіленген:

- Жалпыға қолжетімді кітапханалар желісін жаңғырту және дамыту, оның ішінде заманауи кітапханалар салу және Алматы қаласының тәжірибесін тарату. Бұл ретте кітапханалық қызметтермен қамтылу деңгейі төмен өңірлерге, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерге басымдық беріледі.

Анықтама ретінде: *2018 жылы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы жаңғыртудан өтті. Кітапханада кітап басылымдарымен жұмыс істеуге, электрондық ақпаратты пайдалануға, деректі және ғылыми-танымдық фильмдерді көруге, презентациялар мен зияткерлік клубтар өткізуге арналған аймақтары бар заманауи «Open space» кеңістігі ашылды.*

2019 жылы кітапхананың 5 филиалы: №15 кітапхана-филиалы; №20 кітапхана-филиалы; №24 кітапхана-филиалы; №32 кітапхана-филиалы; №33 кітапхана-филиалы жаңғыртудан өтті.

2020 жылы кітапхананың 8 филиалы жаңғыртудан өтті: А.П. Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхана; Қазақстан Жазушылар кітапханасы;№1, №6, №26, №29, №30 және №44 кітапхана-филиалдары.

2023 жылы тағы 2 кітапхана: №39 және №14 кітапханалар жаңғыртудан өтті.

Кітапхана филиалдары жаңа келбетке ие болып қана қоймай, жұмыс кестесін де өзгертті: демалыссыз, күн сайын сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін қызмет көрсете бастады. Жаңғыртудан кейін әр филиалда отыратын орындар саны артты, жеке жұмыс істеуге, қарым-қатынас жасауға, іс-шаралар өткізуге арналған түрлі аймақтар мен интернет-залдар құрылды.

2020 жылғы желтоқсанда «Шетсіз қала» стратегиясын іске асыру аясында Алатау ауданындағы Нұркент шағын ауданында жаңа «ALATAU CREATIVE HUB» креативті кеңістігі ашылды. Орталықта бағдарламалау саласында білім алуға, креативті индустрияларды, шығармашылық әлеуетті және виртуалды өнерді дамытуға жағдай жасалған.

17.11.2026 Копия электронного документа.

2021 жылы Мәуленов көшесі, 46 мекенжайында жаңа форматтағы «Almaly Kitaphanasy» ашылды. Кітапханада оқу залы, коворкинг және таныстырылым өткізуге арналған көпфункционалды аймақтар қарастырылған.

2025 жылы Розыбакиев көшесі, 247/7 мекенжайында жаңа Розыбакиев кітапхана филиалы ашылды. Кітапхана заманауи компьютерлік залмен, жеке жұмыс істеуге және кітап оқуға арналған тыныш аймақтармен, топтық кездесулер мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға арналған кеңістіктермен жабдықталған.

2026 жылы тағы 3 кітапхана: Құлболды кітапханасы – Герольд Бельгер көшесі, 1Б мекенжайында; Құлагер кітапханасы – Құлагер шағын ауданы, 75 мекенжайында; Жас Қанат кітапханасы – Д.А. Қонаев көшесі, 336-үй, 38-корпус мекенжайында ашылды.

Келушілер үшін компьютерлік зал, жеке кітап оқуға арналған жайлы тыныш аймақтар, сондай-ақ кездесулер, қарым-қатынас жасау және шығармашылық бастамаларды жүзеге асыруға арналған кеңістіктер қарастырылған.

Қазіргі уақытта Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан 32 кітапхана-филиалын біріктіреді. Олардың 95%-ы жаңғыртудан өткен. 7 кітапхана тәулік бойы, 24/7 режимінде жұмыс істейді. Олар: «Alatau Creative Hub» орталығы, Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы, А.П. Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхана, М. Әуезов атындағы кітапхана, Қазақстан Жазушылар кітапханасы, Розыбакиев көшесі, 247 мекенжайындағы кітапхана және Құлболды кітапханасы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Алматы кітапханаларының оң тәжірибесін атап өтті: «Алматыдағы кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылған. Жастардың шығармашылықпен айналысуына, жаңа білім алуына барлық жағдай жасалған. Басқа өңірлердің әкімдері осы жақсы тәжірибені пайдалануы керек». Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі 2024 жылы Алматы қаласындағы кітапханалардың тәжірибесі негізінде «Республикадағы жалпыға қолжетімді кітапханаларды жаңғырту жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған жол картасын» әзірледі.

- кітапхана қызметтеріне қолжетімділігі шектеулі аудандарда стационарлық және стационардан тыс кітапханалық қызметтерді дамыту, оның ішінде жылжымалы кітапханаларды, кітап беру орындарын және оқуға арналған қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру.

- қашықтағы елдімекендерде байланыстың баламалы технологияларын пайдалана отырып, ауылдық кітапханаларды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді кітапханаларды кең жолақты интернетке қосуды аяқтау.

- кітапханаларды жаңғыртуға, кітап қорларын жаңартуға және оқуға арналған қоғамдық кеңістіктер құруға, оның ішінде шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде демеушілерді тарту және ынталандыру құралдарын енгізу арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін әзірлеу.

Сонымен қатар сауалда көрсетілген өзекті мәселелер бойынша:

Кітапхана саласының инфрақұрылымын дамыту және өзекті мәселелерді шешу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы

Қазақстан Республикасында кітапхана инфрақұрылымын жаңғырту, материалдық-техникалық базасын нығайту, кітап қорларын толықтыру және интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Аталған мәселердің негізгі себептері – жергілікті бюджеттердің қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулілігі, кітапхана ғимараттарының ұзақ уақыт жөндеуден өтпеуі, шалғай елдімекендерде инженерлік және телекоммуникациялық

17.11.2026 Копия электронного документа.

инфрақұрылымның жеткілікті түрде дамымауы, сондай-ақ кітап қорларын жаңартуға бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігі.

Анықтама ретінде: *Әкімдіктер «Жоспарлау кезінде бюджет қаражатын жекелеген шығыстарға бөлуге және бюджетті атқару кезінде жекелеген шығыстар бойынша қалыптасқан үнемдеуді дербес пайдалануға* ***мораторий*** *енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №792 қаулысы Жол картасының бірінші тармағы бойынша іс-шара жоспарлауға мүмкіндік бермейтінін жеткізуде. Осыған байланысты кітапхана объектілерін салу, күрделі немесе ағымдағы жөндеу жөніндегі бірқатар іс-шаралар бойынша қаржыландыру тоқтатылған немесе кейінге шегерілгенін баяндауда.*

Кітапхана ғимараттарын салу және жөндеу бағытында бірқатар өңірлерде нақты жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Алматы облысында екі кітапханаға күрделі жөндеу жүргізуге 349,5 млн теңге, Жетісу облысында Кербұлақ аудандық кітапханасының құрылысын аяқтауға 851,6 млн теңге бөлінді. Қарағанды облысында жалпы құны 464,6 млн теңгені құрайтын төрт жоба әзірленгенімен, қаржыландыру мәселесі шешілмеген. Сонымен қатар Маңғыстау облысында «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен 1,15 млрд теңгеге кітапхана және мәдениет үйлерінің құрылысы жүргізілуде.

Кітапхана ғимараттарын ағымдағы жөндеу бойынша Жамбыл облысында 67,0 млн теңге, Абай облысында 53,3 млн теңге қарастырылды. Қостанай облысында Арқалық қаласындағы кітапхананы жөндеуге 189,2 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ бірқатар өңірлерде жылыту жүйелерін, шатырлар мен ғимараттардың қасбеттерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар демеушілік және қайырымдылық ұйымдарының қаражатын тарту тәжірибесі де қолданылуда.

Анықтама ретінде: *Абай облысында «Қазақстан халқына» және «TANA» қоғамдық қорларының қолдауымен 15 кітапхананы жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қостанай облысында «Алимбаев» шаруа қожалығының демеушілігімен Федоров ауылдық кітапханасына 9,0 млн теңге көлемінде күрделі жөндеу жүргізілді. Маңғыстау облысында «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен Жаңаөзен қалалық орталық кітапханасының жаңа ғимараты, сондай-ақ Мұнайлы ауданының Батыр және Дәулет ауылдарында кітапханалары бар мәдениет үйлері салынуда. Жобаларды қаржыландыру көлемі 1 150 млн теңгені құрайды*

Материалдық-техникалық базаны жаңарту бағытында

Жол картасын іске асыру шеңберінде кітапханалардың материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жаңарту, оларды заманауи жиһаздармен, компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен жабдықтау, оқырмандарға қолайлы жағдай жасау көзделеді. Бұл жұмыстар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бюджет мүмкіндіктері мен басым қажеттіліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Анықтама ретінде: *Батыс Қазақстан облысының 25 кітапханасына "Қазақстан халқына" қоғамдық қорының қолдауымен - 797 млн. теңге қаражатқа заманауи жабдықпен, компьютерлік техникамен, жиһазбен қамтамасыз етілді. Жетісу облысында Ақсу аудандық кітапханасына 0,6 млн теңге, Көксу аудандық кітапханасына 3,9 млн теңге, Қаратал аудандық кітапханасына 1,4 млн теңге, Алакөл аудандық кітапханасына зағип және көру қабілеті бұзылған пайдаланушыларға арналған жабдықтар алуға 1,8 млн теңге бөлінді. Түркістан облысында Отырар, Сарыағаш және Төле би аудандарындағы кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға тиісінше 4,1 млн теңге, 0,7 млн теңге және 1,6 млн теңге жұмсалды. Сауран аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі 28 ауылдық кітапханаға 10,0 млн теңге қарастырылды. Ұлытау* ***облысында*** *облыстық әмбебап кітапхананың материалдық-техникалық базасын жаңартуға 28,0 млн теңге бөлінді.*

17.11.2026 Копия электронного документа.

Кітап қорларын толықтыру бойынша

Жол картасы аясында ауылдық кітапханалардың кітап қорларын жаңарту және толықтыру, оның ішінде аудандық кітапханаларға жаңа әдебиеттер сатып алу, сондай-ақ мерзімді басылымдарға жазылу жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Аталған бағыт бойынша жергілікті атқарушы органдар аудандық кітапханалардың кітап қорын жинақтауға және мерзімді басылымдар қорын толықтыруға жергілікті бюджеттен қаражат бөледі. Бөлінген қаражат есебінен көркем әдебиет, балалар әдебиеті, ғылыми-танымдық және салалық басылымдар, сондай-ақ мерзімді басылымдар сатып алынады.

Анықтама ретінде: *Республикадағы жалпыға қолжетімді кітапханаларды жаңғырту жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған жол картасының 9 айлық есебіне сәйкес аудандық кітапханалардың кітап қорын толықтыруға 230 млн, мерзімді басылымдарға 302 млн теңге қаражат бөлінген. Мысалы, Аудандық кітапханалардың кітап қорын жаңартуға Ақтөбе облысында 12,4 млн теңге, Жамбыл облысында мерзімді басылымдарға жазылуға 21,5 млн теңге, Солтүстік Қазақстан облысында кітап қорларын жаңартуға 23,1 млн теңге қарастырылды.*

Кітапханаларды интернетпен қамтамасыз ету бағытында

Кітапханаларды интернет желісіне қосу – олардың цифрлық трансформациясын жүзеге асырудың, электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етудің және шалғай елдімекендер тұрғындарының ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі.

Интернетке қолжетімділіктің төмен болуы, әсіресе, шалғай ауылдық елдімекендердегі кітапханалардың қызмет көрсету мүмкіндіктерін шектейді.

Мәселенің негізгі себептері ретінде ауылдық елді мекендердің аудан орталықтарынан шалғай орналасуын, талшықты-оптикалық байланыс желілерінің жеткіліксіз дамуын, ұялы байланыс операторлары желісінің қамту аймағынан тыс қалуын, сондай-ақ кейбір аумақтарда интернет инфрақұрылымын тартудың экономикалық тиімсіздігін атап өтуге болады.

Осыған байланысты талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту экономикалық тұрғыдан тиімсіз шалғай аумақтарда спутниктік байланыс технологияларын қолдану, сондай-ақ мобильді базалық станцияларды спутниктік байланыс арналары арқылы қосу мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады. Бұл шалғай елді мекендердегі кітапханаларды тұрақты интернетпен қамтамасыз етуге және олардың цифрлық ресурстарға қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Анықтама ретінде: *Қазіргі уақытта 3201 ауылдық кітапханадан 2136 кітапхана интернетке қосылған.*

Қызылорда облысында интернет желісіне қосылмаған 26 кітапхана аудан орталықтарынан шалғай орналасқан елдімекендерде орналасқан. Географиялық қашықтық пен тиісті телекоммуникациялық инфрақұрылымның болмауына байланысты аталған кітапханаларға кең жолақты мобильді интернет қызметтерін ұсынудың техникалық мүмкіндігі шектеулі. Осыған орай аудан әкімдіктері «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп интернет байланысын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізуде.

Шығыс Қазақстан облысында шалғай елді мекендерде орналасқан 20 ауылдық кітапхананы интернет желісіне қосу мәселесі өзекті болып отыр. Аталған кітапханалардың географиялық тұрғыдан оқшау орналасуы, таулы және жетуі қиын аумақтарда орналасуы, сондай-ақ байланыс инфрақұрылымының жеткіліксіздігі интернет желісін тартуды қиындатады. Кейбір елдімекендерде талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізу экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады.

17.11.2026 Копия электронного документа.